

Туу көрсеткіштерін есептеу әдістемесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті Төрағасының 2019 жылғы 29 шілдедегі № 3 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 5 тамызда № 19190 болып тіркелді.

"Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 5) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі төрағасының 2020 жылғы 23 қазандағы № 9-нқ бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы туралы ереженің 15-тармағы 20) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кірспе жаңа редакцияда - ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының м.а. 21.06.2024 № 8 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Туу көрсеткіштерін есептеу әдістемесі бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің Әлеуметтік және демографиялық статистика басқармасы Заң басқармасымен бірлесіп заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оны электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және қосу үшін "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің Әлеуметтік және демографиялық статистика басқармасы осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің құрылымдық бөлімшелеріне және аумақтық органдарына жұмыс бабында басшылыққа алу және пайдалану үшін жеткізсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы басшысының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының м.а. 21.06.2024 № 8 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі
Статистика комитеті Төрағасы

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі
Статистика комитеті
төрағасының
2019 жылғы 29 шілдедегі
№ 3 бұйрығымен
бекітілген

Туу көрсеткіштерін есептеу әдістемесі

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Туу көрсеткіштерін есептеу әдістемесі (бұдан әрі – Әдістеме) халықаралық стандарттарға сәйкес қалыптастырылатын және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес бекітілетін статистикалық әдіснамаға жатады.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының м.а. 21.06.2024 № 8 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы Әдістемені Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы және оның аумақтық бөлімшілері туу көрсеткіштерін есептеу кезінде қолданады.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының м.а. 21.06.2024 № 8 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Осы Әдістеменің мақсаты тиімді, әлеуметтік, экономикалық, отбасылық және демографиялық саясатты жүзеге асыру үшін қажетті халықтың арасындағы туу туралы

толық және ағымдағы ақпаратты қалыптастыру, сондай-ақ елдің және өңірлердің даму бағдарламаларын әзірлеу болып табылады..

4. Туу көрсеткіштерінің маңыздылығы демографиялық құбылыстарды талдау мен елдегі және оның өңірлеріндегі демографиялық ахуалды бағалаудағы рөлімен байланысты. Туу коэффициенттерін есептеу және талдау демографиялық зерттеулер, сондай-ақ денсаулық сақтау, білім беру және әлеуметтік саясат саласындағы тәжірибе үшін қажет.

4-1. Күнтізбелік жыл кезеңіндегі туу туралы статистикалық ақпарат тууды тіркеу күні бойынша қалыптастырылады. Соңғы халық санағынан кейін орын алған, бірақ есепті жылы тіркелген туу оқиғалары есепті жылдың статистикасында есепке алынады.

Ескерту. 1-тарау 4-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының м.а. 21.06.2024 № 8 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Осы Әдістемеді келесі ұғымдар қолданылады:

Репродуктивті кезең (жас) - әйел босануға қабілетті уақыт кезеңі. Статистикалық мақсаттар үшін көптеген елдерде 15-49 жыл кезеңі болжанады;

Халықты көбейту - туу мен өлім-жітімді өзара әрекеттесу нәтижесінде адамдардың ұрпақтарын үздіксіз жаңарту процесі.

6. Халық арасындағы туу туралы ақпарат көздері азаматтық хал актілерін тіркеу органдарының әкімшілік деректері болып табылады.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының м.а. 21.06.2024 № 8 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-тарау. Туудың жылдық көрсеткіштерін есептеу

7. Жалпы туу коэффициенті промилледе көрсетіледі және жалпы халық санына қатысты халықтың өлім-жітімі қарқындылығын айқындайды. Бұл көрсеткіш есептік кезеңде тірі туғандардың жалпы санына аталған кезеңдегі халықтың орташа санының қатынасы болып табылады:

$$CBR = \frac{N}{P} * 1000,$$

мұнда:

CBR - бала туудың жалпы коэффициенті;

N – жылдың ішінде туғандар саны;

P – орташа жылдық халық.

8. Бала туудың арнайы коэффициенті тірі туғандар санының репродуктивті жастағы әйелдердің орташа санына қатынасы.

$$F_{15-49} = \frac{N}{P_{15-49}} * 1000,$$

мұнда:

F_{15-49} – бала туудың арнайы коэффициенті;

N – туғандар саны;

P_{15-49} – 15-49 жастағы әйелдердің орташа жылдық саны.

9. Жас ерекшелігіне байланысты туу коэффициенті күнтізбелік жылда әрбір жас тобында туудың орташа деңгейін сипаттайды. 20 жасқа дейінгі жас топтары үшін коэффициентті есептеу кезінде бөлгіш ретінде 15-19 жасқа дейінгі әйелдер саны алынады. 15-49 жас тобы үшін коэффициентті есептеген кезде, алымына барлық босанғандар, сонымен қоса 15 жасқа дейінгі, сондай-ақ 50 және одан ересек жаста босанған әйелдер саны енгізіледі.

$$F_x = \frac{N_x}{P_x} * 1000,$$

мұнда:

F_x – жас ерекшелігіне байланысты туу коэффициенті, онда x - жасы;

N_x – x жастағы әйелдерде туғандар саны;

P_x – x жастағы әйелдердің орташа жылдық саны.

10. Туудың жиынтық коэффициенті туу деңгейінің ең дәл өлшеуіші болып табылады. Есептелетін жылғы туудың жасына қарай қарқындылығы сақталған жағдайда бір әйелдің барлық өмірінде туатын балаларының орташа санын сипаттайды. Туудың жиынтық коэффициентін өлім-жітім болмайды деген болжаммен, яғни шартты ұрпақтың барлық әйелдері репродуктивті кезеңнің (15-49 жас) соңына дейін өмір сүреді деген болжаммен есептейді. Туудың жиынтық коэффициенті 15-тен бастап 49-ға дейінгі жастар үшін жасына қарай туу коэффициентінің қосындысы ретінде есептеледі:

$$TFR = \frac{\sum_{15}^{49} ASFR_x}{1000},$$

мұнда:

TFR – туудың жалпы коэффициенті;

$ASFR_x$ – жас ерекшелігіне байланысты туу коэффициенті.

Егер деректер 5 жастық интервалмен жарияланатын болса, келесі формула қолданылады:

$$TFR = \frac{5 * \sum_{15}^{49} {}_5ASFR_x}{1000},$$

мұнда:

TFR – туудың жалпы коэффициенті;

${}_5ASFR_x$ – 5 жас аралығындағы жас ерекшелігі бойынша туу коэффициенті.

1000-ға бөлу бір әйелге коэффициенттік мәнге келтіру үшін алынады.

3-тарау. Жылдың нақты кезеңіндегі жалпы коэффициенттерді есептеу

11. Туу жалпы коэффициенттердің салыстырмалы есептеулері айға және айдың әрбір күніне жиналумен (кезең) ауыстыру коэффициентін және халықтың орташа санын қолданумен жүзеге асырылады.

Айға (кезеңге) ауыстыру коэффициенті үтірден кейін алты санға дейінгі дәлдікпен келесі формула бойынша есептеледі:

$$K^t = DN / dn,$$

мұнда:

K^t - айға (кезеңге) ауыстыру коэффициенті;

DN - жылдағы күнтізбелік күндер саны;

dn - айдағы (кезеңдегі) күнтізбелік күндер саны;

t - ай (кезең).

Айға (кезеңге) ауыстыру коэффициентінің көмегімен деректер жылдық мәнге келтіріледі. Жылдағы күндер саны 365 (толық жылы – 366) күнтізбелік күн деген есеппен алынады.

Айға (кезеңге) халықтың орташа саны үтірден кейін бір санға дейінгі дәлдікпен келесі формула бойынша есептеледі:

$$P^t = P^1 + \frac{ЖӨ^t}{2},$$

мұнда:

P^t - халықтың орташа саны;

P^1 - есепті жылдың 1 қаңтарына халық саны;

$ЖӨ^t$ - жалпы өсім, кему;

t - ай (кезең).

12. Айдағы туудың жалпы коэффициенті келесі формула бойынша есептеледі:

$$K(n^t) = \frac{N^t * K^t}{P^t} * 1000,$$

мұнда:

$K(n^t)$ - туу коэффициенті;

N^t - туғандар саны;

K^t - ауыстыру коэффициенті;

P^t - халықтың орташа саны;

t - ай (кезең).

4-тарау. Туу кестесінің көрсеткіштері

1-параграф. Халықтың ұдайы өсіп-өну көрсеткіштері

13. Халықтың ұдайы өсіп-өну көрсеткіштері ата-аналық ұрпақ балалардың ұрпақтары ауыстырылатын уақыт кезеңі ішінде халықтың өзгеруін сипаттайды.

14. Туу кестесі (бұдан әрі - Кесте) нақты немесе гипотетикалық ұрпақта туу процесін сипаттайтын көрсеткіштер жүйесін білдіреді.. Кестелер жалпы процесін сипаттайтын барлық әйелдер үшін немесе некеде тууды сипаттайтын тек некеге тұрған адамдар үшін құрылады.

15. Туу кестелері екі типке бөлінеді – жалпы және арнайы. Жалпы кестелер туу тәртібін ескерместен барлық туғандар үшін жасалады. Арнайы кестелер туу тәртібін ескере отырып құрылады.

16. Кестелер біржастағы топтар бойынша құрылған толық және жас бес интервалы және одан да үлкен жас аралығында есептелген қысқа кестелерге бөлінеді.

17. Кестелерді құру аналардың жасына қарай бөлінуіне және әр жастағы әйелдердің саны туралы мәліметтерге негізделеді.

18. Жасы бойынша туу коэффициенттері жалпы құнарлы кестелерді есептеу үшін негізгі ретінде пайдаланылады.

19. Бала туудың жалпы жиынтығы ананың белгілі бір жасқа жеткен сәтте туған балалардың орташа санымен сипатталады. Бұл көрсеткіш 15 жастан бастап нақты жасқа дейінгі туу коэффициентінің жиынтығы ретінде есептеледі және 1000 жастағы әйелге шаққандағы туғандар санының есептік жылда өзгеріссіз қалу шартымен өлім мен көші-қонның әсерінен әйелдер санының жоғалуын есепке алмай, осы жасқа шаққандағы туудың санын көрсетеді.

$$F_x = \sum_{15}^{49} f_x * K,$$

мұнда:

F_x – жасы бойынша туу коэффициенті;

f_x – x жасында туу коэффициенті;

K – жас аралығының ұзындығы.

49 жастан асқан жас шамасына сай келетін жалпы туу коэффициентінің мәні туудың жалпы коэффициенті болып табылады.

20. Қыздар арасында туғандар санының орташа төрттен ұлғаюы тиісті туудың туу коэффициенті мен туудың арасынан қыздардың үлесі ретінде анықталады.

$$'f_x = f_x * K * \delta_x,$$

мұнда:

$'f_x$

– қыздардың тууының орташа саны;

f_x – x жасында туу коэффициенті;

K – жас аралығының ұзындығы;

δ

– жаңа туған нәрестелердегі қыздардың үлесі.

21. Ұдайы өсіп-өнудің брутто-коэффициенті халықтың жан басына шаққандағы көбеюі ұрпақтарды өлім-жітімді ескерместен ауыстыруды көрсетеді. Халықтың жан-жақты көбею қарқыны әйелдердің орташа өлімін көрсетеді, егер әйел өлім

болмаған жағдайда және болжалды жылдағы жас ерекшеліктеріне байланысты туу кезеңі оның өмірінде сақталса, гипотетикалық ұрпақ туады. Халықтың жан басына шаққандағы көбею коэффициенті туғандар арасында қыздардың үлесі бойынша туудың жалпы коэффициентін көбейту арқылы алынады.

$$R = \sum_{15}^x 'f_x,$$

мұнда:

R – ұдайы өсіп-өнудің брутто-коэффициенті;

'f_x

– x-ден x + n-ге дейін жастағы қыздардың туудың орташа жасы.

22. Халықтың ұдайы өсіп-өнуінің нетто-коэффициенті туу мен өлім-жітімнің осы деңгейіндегі тууға репродуктивті кезеңнің аяғына дейін өмір сүрген бір әйелдің бар өмірінде туған қыздарының орташа санын білдіреді. Егер ұдайы өсіп-өнудің нетто-коэффициенті 1-ден төмен болса, онда туу мен өлім-жітімнің заманауи деңгейлері болашақта қыздар буыны аналарының орнын баса алмайды. Есептеу келесі формуламен есептеледі:

$$R_0 = n * \delta * \sum_{15}^{49} F_x * \frac{f_{L_x}}{l_0} * 0,001,$$

мұнда:

R₀ – халықтың ұдайы өсіп-өнуінің нетто-коэффициенті;

n – жас аралығының ұзындығы;

δ

– жаңа туған нәрестелердегі қыздардың үлесі;

F_x – жасы бойынша жас ерекшелігі;

f_{L_x} – өлім-жітім кестесінде жасы бойынша тірі әйелдердің орташа саны;

l₀ – x жасына дейін өмір сүргендер саны, буынның бастапқы саны немесе кестенің түбірі 100 000 адамға тең деп қабылданады.

Егер халықтың таза көбею жылдамдығы 1-ден аз болса, онда туудың және өлімнің қазіргі деңгейлері баланың ана ұрпағын болашақта алмастыруға мүмкіндік бермейді.

2-параграф. Туған кезде ананың орташа жасы

23. Баланың туған кезде анасының орташа жасы есептік жылда туған әйелдердің барлық жастағы арифметикалық орташа мәні ретінде анықталады. Бұл көрсеткіш баланың туу тәртібімен есептеледі:

$$T_n = \frac{\sum_{15}^{49} (x + 0.5) * {}_nN_x}{P_n},$$

мұнда:

T_n – бала туған кезде ананың орташа жасы;

n – туудың кезекшілігі;

x – жасы;

${}_nN_x$ – x жасында бала туған әйелдердің саны;

P_n – есепті жылы туған әйелдердің жалпы саны.

5-тарау. Туудың коэффициенттерін тікелей стандарттау

24. Туудың стандартталған тікелей әдісі зерттелетін халықтағы сияқты сондай жастағы туу, бірақ стандарты тіркелген халық құрылымы бар шартты халыққа арналған туудың жалпы коэффициенті. Есептеу салмақтардың белгілі бір тіркелген жүйесі бойынша туудың жас коэффициенттерін өлшеу арқылы жүзеге асырылады:

$$n_{ст} = \sum_{15}^{49} n_x V_x,$$

мұнда:

$n_{ст}$ – стандартталған туу коэффициенттері;

n_x – өлім-жітімнің жас коэффициенттері;

x – жас;

V_x – стандартқа қабылданған халықтың жалпы санындағы тиісті жас топтарының үлесі.

25. Халықтың жас құрылымы жалпы коэффициенттердің шамасына әсер ететін маңызды факторын болып табылады. Құрылымдық факторлардың әсерін жою тәсілі демографиялық коэффициенттерді стандарттау болып табылады.

26. Өңірлерде стандартталған туу деңгейін есептеу үшін республикадағы халықтың жас құрылымы стандарт ретінде қабылданады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК